

КӨЗ ҚҰЛАҚҚА ҚАРАҒАНДА ӘДІЛ КУӘЛІК ЕТЕДІ

ADILET TIMES

RESPUBLIKALYQ QOGAMDYQ-SAIASY SARAPTAMALYQ GAZET

23 ТАМЫЗ – ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ КҮНІ

№01. 15.08.2026 ЖЫЛ

10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ЕРЕКШЕ ТЕЛЕАРНА АШЫЛДЫ

Қазақта «әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген аталы сөз бар. Сол аталы сөзді ақиқатқа айналдырып жүрген қазақ қыздары кеше де болды, бүгін де кездеседі. Өмірдің ауыр жүгін арқалап, зымырап жатқан уақыттың 24 сағаттыңда да шыдамдылығы мен еңбекқорлығын алдыға салып, қасиетін қайрап жүрген қыздар аразымызда жүр. Күндіз жұмысында болып, кешке үйінің тірлігін жасап, туған-туысының ғана емес, ел-жұртының ықыласына бөленіп жүрген жандардың ішінде Нәзипа Дарханбайқызының орны бөлек.



Нәзипа ДАРХАНБАЙҚЫЗЫ

Зәуре ОРАЛБАЕВА

Нәзипа ханым қанша қиындық көрсе де кешегі көшпенді жұрттың қыз-келіншектері секілді абыройын ақ орамалға орап, қасиетін Құранға байлаған жан екенін байқадық. Көшпенді жұрттың жауһар қыз-келіншектері өз заманында еркін, беделді және қоғамда үлкен құрметке ие болғанын тарихи деректер растайды. Олар ержүрек, ақылды және отбасының ұятқысы саналды. Ұмайтектері үйдің ғана емес, ел билеу жұмыстарына да араласты. Олар хандар мен бектердің қасында отырып, маңызды мемлекеттік істерге өз пікірін айта алды. Қажет кезде олар атқа мініп, оқ атып, ел қорғауға шықты. Қазақ қыз-келіншектері, басқаны айтпағанда, бесікті ұстап, бала тәрбиесіне ерекше мән берді. Құдай қосқан қосағы жоқ кезде барша шаруашылықты өзі басқарып, шаңырақты шаттыққа толтырды. Сондықтан да болар, қазақ жұрты қатынды қасиет деп саналды.

Нәзипа есімі араб тілінен аударғанда «таза», «пәк», «мұнтаздай» деген мағыналарға ие. Аты затына сай Нәзипа Дарханбайқызына Құдай оған нәзіктік пен адалдықты, қайсарлық пен батылдықты, құт пен қуатты қоса бере салған секілді. Алаш қозғалысының қайраткері, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист әрі ұстаз Нәзипа Құлжанованың сара жолымен келе жатқан ол елмен біте қайнасып, ұлтқа өз үлесін қосып жүр.

Ұстаздық қасиет қанмен беріледі, ал басшылық қабілет – ұзақ жылғы тәжірибе мен ой сүзгісінен өткен парасаттылықтың жемісі. Сол ұстаздық пен басшы-

лықты қатар алып жүрген ардақты ана, іскер маман – Нәзипа Дарханбайқызы тағы бір белеске шықты. Шымкентте «Adilet tv» атты тұңғыш рет республикалық деңгейде телеарна ашылып, оған Нәзипа Дарханбайқызы басшы болып келді. Жаңа тарих жазуға кіріскен ол «Adilet tv» телеарнасы «Әділет» париясымен бірге бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» идеясын жүзеге асыруды мақсат тұтатынын айтады.

Жалпы, «Әділетті Қазақстан» – бұл қоғамда заң мен тәртіпті, тең мүмкіндіктерді және әлеуметтік әділдікті орнатуға бағытталған ұлттық бағдар. Оның негізгі мақсаттары – заң үстемдігін қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықпен күресу және әрбір азаматқа лайықты өмір сүру жағдайын жасау секілді ізгіліктерден тұрады. «Әділетті Қазақстан» мен «Жаңа Қазақстан» арасында түбегейлі қарама-қайшылық жоқ, «Жаңа Қазақстан» көбіне ескі жүйеден бас тарту мен саяси жаңғыруды білдірсе, ал «Әділетті Қазақстан» сол өзгерістердің ұзақмерзімді құқықтық, әлеуметтік және экономикалық мәнін айқындайтын басты идеологиялық бағдарға айналды. Нәзипа Дарханбайқызы сол бағдарларға өз үлесін қосқанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Міне, ол енді жана телеарна арқылы арман-мұратын жүзеге асыруды, халық пен биліктің арасында алтын көпір болуды, әділеттің ақ туын көтеріп, ақиқат жаршысы болуды бастап отыр.

(Жалғасы 2-бетте)



АБАЙ ІЛІМІ – РУХАНИ ШАМШЫРАҒЫМЫЗ

Құрметті отандастар!

Баршанызды Абай күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлы ойшылдың шығармашылық әрі зияткерлік мұрасы әлемдік және ұлттық мәдениеттің асыл қазынасы қатарынан айрықша орын алады. Абай ілімі – рухани шамшырағымыз, айнымас темірқазығымыз.

Ақын жұртшылықты толғандыратын көкейкесті мәселелерді бүкпесіз айтып, халқымызды бейқамдық пен жалқаулықтан аулақ болуға шақырды. Хакімнің «Толық адам» идеясы – әрбір азаматты рухани кемелденуге үндейтін және ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын мазмұны терең тұжырым.

Биыл Абай күні елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды өзгерістермен тұспа-тұс келіп отыр. Қазақстанның Халық Конституциясы заңды күшіне еніп, биліктің барлық институттарын түбегейлі жаңғырту үдерісі басталды. Бұл – шын мәнінде, ұзақ мерзімге арналған даму бағдарымызды айқындайтын ерекше кезең.

Көп ұзамай ел тарихында алғаш рет Құрылтай сайлауы өтеді. Бір палаталы Парламент реформаларды сапалы әрі тиімді жүзеге асыруға тың серпін беретіні сөзсіз.

Бұл өзгерістердің түпкі мәні – жасампаздық құндылықтарын азаматтардың санасына сіңіріп, Қазақстанның тың қарқынмен дамуына жол ашу.

Біз қоғамда жаңа этиканы қалыптастыру, ұлттық бірегейлікті нығайту және гуманистік идеалдарды дәріптеу барысында әрдайым Абайға жүгінеміз. Ұлы ақын халықтың болашағы үшін білімпаздық, еңбекқорлық, жауапкершілік сынды қасиеттер өте маңызды екенін ұғандырды, көргендік танытып, жұртты бірлік пен келісімді сақтауға шақырды.

Абай қара сөздерінің тағылымы қазіргі Қазақстанның құндылықтарымен толық үндеседі. «Адал Азамат», «Таза Қазақстан», «Заң мен Тәртіп» тұғырнамалық идеялары – Абай армандаған берекелі қоғамның берік негізі.

Сондықтан біз Әділетті, Озық әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз.

Ұлы ойшылдың мол мұрасы алдағы уақытта да өскелең ұрпақты шынайы отаншылдық пен туған елге сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу ісінде рухани азық болады деп сенемін.

Баршанызға амандық және табыс тілеймін!

Абай күні құтты болсын!

Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының Президенті

Біле жүріңіз

«Сәлеметсіз, «Инвест.ком» компаниясынан хабарласып тұрмын. Қуанышты жаңалығым бар! Құттықтаймыз! Сіз 1 миллион теңге ұтып алдыңыз. Ұтысты алуға дайынсыз ба? Ол үшін небәрі 38 мың 888 теңгені біз ұсынған есепшетке аударсаңыз болды». Бұл интернет – алаяқтықтың бір түрі ғана!

АБАЙЛАҢЫЗ!

АЛАЯҚТАР АЛДАП КЕТПЕСІН

(Мақаланың жалғасын 2-беттен оқыңыз)

САЯСИ КОМПАС

САЙЛАУДА ҚАЙ ПАРТИЯ ҚАНША ДАУЫС АЛАДЫ?



Еуразиялық интеграция институты 2026 жылғы 16-26 шілде аралығында Құрылтай сайлауы алдында қазақстандықтардың сайлау қалауы мен саяси мінез-құлқын зерттеу мақсатында Қазақстанның 17 облысында және Астана, Алматы, Шымкент қалаларында жаппай сауалнама әдісімен екінші әлеуметтанулық зерттеу жүргізді. Барлық өңірлер бойынша сауалнамаға 4 мың респондент қатысты. Осы зерттеу аясында саяси партиялардың қазіргі таңдағы рейтингісіне және сайлау-

Құрылтай сайлауына санаулы күндер қалды. 23 тамызда өтетін сайлау доласына жеті партия қатысып отыр. Әр партия сайлауға дейін өз мүмкіндіктерін көрсетіп, бағдарламаларын паш етіп, бастарын сынап жатыр. Олардың ішінде ширек ғасырлық тарихы бар партиялар да, құрылғанына көп бола қоймаған «сәби» партиялар да бар. Олардың ең басты көздегендері – Құрылтайда көп орын алып, сол арқылы билікке қол жеткізу. Десек те елімізде саяси партиялардың өзіндеріне тән ерекшеліктері бар. Әрбір саяси партиялардың сайлауға түсудегі мақсат-мұраты ортақ болғанымен де әлеуметтік-саяси ұстанымдары, көтерген тақырыптары әр алуан. Біз оған тоқталмаймыз, мақаланы жазудағы мақсат бұл емес. 23 тамыздағы сайлау доласына түсіп жатқан партияларға халық қаншалықты сеніп артады, қалай дауыс береді, қай партия неше дауыс алады? Міне, біз осы сұрақтарға «саяси компасымыз» арқылы жауап іздеп көреміз.

шылардың ықтимал белсенділігіне қатысты қоғамдық пікірді ескіше. Сондай-ақ, бұған дейін 3-13 шілде аралығында жүргізіліп, қорытындысы 15 шілдеде жарияланған сауалнамадан бергі өзгерістерге талдау жасалып, қорытындысын жариялады. Сол сауалнама нәтижесінде «Әділет» партиясы көш бастап тұр. Биылғы жылдың 1 маусымында ресми тіркеуден өткен бұл жаңа партия бес қағиданы, яғни әділеттілікті, заңды, тәртіпті, жауапкершілікті және патриотизмді негізге алады. 800 мыңнан

астам мүшесі болған әйгілі «Аманат» партиясын «жұттып» алған «Әділет» Құрылтай сайлауына ең көп үміткер ұсынған ерекше партияға айналды. Оның ерекшелігі – ол «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебай сияқты ай сайын емес, күн сайын өсетін болды. Партия Құрылтай сайлауына 186 үміткер ұсынғаны туралы Астана қаласында өткен партияның кезектен тыс съезінде жариялаған еді.

Жоғарыда аталған сауалнама нәтижесінде «Әділет» партиясы оның электралды рейтингісі 65,1 пайызға дейін

РЕДАКТОР БАҒАНАСЫ

БАБАЛАР ЖОЛЫ – ӘДІЛЕТ ЖОЛЫ

Биыл – Жылқы жылы. Қазақ халқы қолданатын 12 жылдық күнтізбедегі Жылқы жылы еңбекқорлықтың, еркіндіктің, қозғалыс пен мақсатқа ұмтылудың символы ретінде сипатталады. Биыл елімізде орын алып жатқан тарихи оқиғалар бұл ұғымды дәлелдеп тұрғандай. Жаңа Конституция қабылданды, енді Құрылтай сайлауы болғалы тұр.

Тарихқа қарасак, Жылқы жылы Қазақ жұрты үшін жаман болмағанын байқаймыз. Қазақ хандығы құрылып, қанатын кеңге салып, нығайған кезеңі – Жылқы жылы. 1990 жылы – Жылқы жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 25 қазанда Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдады. Бұл – тәуелсіздікке жол ашқан маңызды қадам. Егемендік декларациясы елдің саяси-құқықтық негізін қалап, бір жылдан кейін толық тәуелсіздікке әкелді.

Биылғы еліміздегі өзгерістер, қазақы түсінікпен қарасак, еркіндіктің, қозғалыс пен мақсатқа ұмтылудың айқын көрінісі секілді. Назарбаев дәуіріндегі үдерістер еліміздің қалыптасуын көрсетсе, ал Тоқаев дәуіріндегі реформалар Қазақстан дамуында сара жолына қадам басқанын байқатады. Қазақстанның бүгінгі ұстанымы көпекторлық саясат, бейтарап позиция және ұлттық мүддені қорғау болса, ал бағыт-бағдары әлеуметтік әділеттілік пен азаматтарға тең мүмкіндік беру саясаттың жүзеге асыру екенін жаңа реформалардан аңғаруға болады.

Президент Қ.К.Тоқаев жаңа Ата заң қабылдап, Құрылтай сайлауын өткізу арқылы еліміз үшін тарихи шешім жасады. Жаңа Конституцияның аядапқасынан басты баптарына дейін Әділетті Қазақстан идеясы мен құндылығы анық жазылды. Адам құқы мен бостандығы, мәдениет, білім, ғылым, адам капиталы, инновация әділдік пен пара-сат жолымен ғана іске асатыны анық.

Бұл бұрыннан солай еді. Сақ, Ғұн, Түркі дәуірлерінде Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерінде айтылғандай, «Бектері де, халқы да тұз (адал, тұзу)» болғандықтан Еуразия құрлығында әйгілі империялар құрып, өркеніет жасап, ұлы тарих жазды.

Ал Шыңғыс ханның саяси жүйесіндегі әділет ұғымы — көшпелі империяны біріктіруші, теңдік орнатушы және қатаң тәртіпті сақтаушы басты тетік болды. Шыңғыс ханның «Ұлы Жасақ» заңдары әділеттілік, адамгершілік, адалдық, ержүректік және қабілетке басымдық беру қасиеттерге негізделді. Ұлы хан – мемлекет саясатын нығайту жолында Заң мен Әділет ұғымы егіз екеніне сенген тұлға.

«Қасымның қасқа жолы» заңдарын шығару арқылы Қасым хан қоғамдағы бірліктің, әділдіктің іргетасын қалады. «Ескі жол» арқылы Есім хан елдің бірлігін қорғап, әскери тәртіп пен әділ жазу жүйесін күшейтті. Тәуке хан «Жеті жарғы» заңын қабылдап, дауды әділ шешетін билер институтын билік бйігіне көтерді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Ата заң арқылы «Әділетті Қазақстан» идеясын көтеріп, еліміздің даму стратегиясын бағыттап отыр. Бұл бабаларымыздың әділеттілік, туралық ұғымдарымен үндес. Бұл жолды таңдаған ел басшыларды Төңір де қолдайды. Өйткені, «Әділ» – Алла Тағаланың көркем есімдерінің бірі.

XXI ғасырда әділ де таза ел билеуші адам ретінде тарихта қалудың жолын таңдаған Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан» идеясын көтеріп, болашаққа адал һәм тура қадам басқан екен, онда халық та мемлекет басшысына қолдау білдіріп, әділдіктің ақ туын көтерген ләзім. Біз де Президенттің ұсынған «Әділетті Қазақстан» идеясын арқамызға көтеріп, «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болып жолға шықтық. Абай атамыздың «Әділет пен шапқат кімде бар, сол – Алланың сүйген құлы» деп әділ адам рухани биік деп баға берген. Әділдік – тек Президенттің ғана емес, бүкіл халықтың ісі. Бұл біздің де ісіміз!

Ә. СМАНҰЛЫ

(Жалғасы 3-бетте)

№1 ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Жобаның атауы: «Түркістан облысындағы Ø820 мм. «Павлодар-Шымкент» магистралды мұнай құбырының 1366-1373 км, 1454-1465 км, 1510-1521 км, 1524-1526 км учаскелерінде құбырды күрделі жөндеу».

2. Ықпал ету аумағы: Түркістан облысы, Созақ және Бәйдібек аудандары, географиялық координаттары: 1) 44°8'24.48"С 68°30'58.22"В; 2) 44°7'39.47"С 68°32'3.88"В; 3) 44°6'54.58"С 68°33'9.38"В; 4) 44°5'47.60"С 68°34'46.99"В; 5) 43°37'5.52"С 69°12'54.82"В; 6) 43°34'57.24"С 69°13'19.51"В; 7) 43°32'48.16"С 69°13'36.64"В; 8) 43°31'12.01"С 69°13'53.79"В; 9) 43°9'44.08"С 69°24'13.49"В; 10) 43°7'26.35"С 69°24'7.76"В; 11) 43°5'16.88"С 69°24'13.49"В; 12) 43°3'41.09"С 69°23'27.78"В; 13) 43°2'8.80"С 69°24'4.89"В; 14) 43°1'40.52"С 69°23'48.66"В; 15) 43°1'13.08"С 69°23'25.25"В.

3. Қоғамдық тыңдау ашық жиналыс нысанында өткізіледі: 7 қазан 2026 жылы, сағат 11:00, мекен-жайы: Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян ауылы, Жастар орталығы ғимаратында.

4. Онлайн қосылмаға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 6165408596 Кіру коды: 123456
5. Бастамашы: «ҚазТрансОйл» АҚ, БСН 970540000107, Астана қ., Туран д-лы, 20, e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

6. Әзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӨО филиалы, БСН 000941000473, Астана қ., М. Габдуллин к-сі, 2, e-mail: A.Murtazina@kaztransoil.kz; тел.: 8-7172-79-16-63.

7. Жоба материалдары веб-сайтта орналастырылған: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>.

8. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты осы жерден алуға болады: Шымкент қ. Жібек жолы көш. 68Б, «ҚазТрансОйл» АҚ ШМКБ, e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

9. Ескертулер мен ұсыныстар осы жерден қабылданады: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/>, Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Түркістан қ., Жана Кала көш., 20, тел.: 8725-33-5-98-49, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

10. Ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарландырудың фотосуреті <https://ndbecology.gov.kz/> веб-сайтта орналастырылған.

№1 ОБЪЯВЛЕНИЕ

1. Наименование проекта: «МН «Павлодар-Шымкент» Ø820 мм. Капитальный ремонт трубопровода на участках: 1366 – 1373 км, 1454-1465 км, 1510-1521 км, 1524-1526 км, Туркестанская область».

2. Территория воздействия: Туркестанская область, Сузакский район и район Байдібека, географические координаты: 1) 44°8'24.48"С 68°30'58.22"В; 2) 44°7'39.47"С 68°32'3.88"В; 3) 44°6'54.58"С 68°33'9.38"В; 4) 44°5'47.60"С 68°34'46.99"В; 5) 43°37'5.52"С 69°12'54.82"В; 6) 43°34'57.24"С 69°13'19.51"В; 7) 43°32'48.16"С 69°13'36.64"В; 8) 43°31'12.01"С 69°13'53.79"В; 9) 43°9'44.08"С 69°24'13.49"В; 10) 43°7'26.35"С 69°24'7.76"В; 11) 43°5'16.88"С 69°23'49.84"В; 12) 43°3'41.09"С 69°23'27.78"В; 13) 43°2'8.80"С 69°24'4.89"В; 14) 43°1'40.52"С 69°23'48.66"В; 15) 43°1'13.08"С 69°23'25.25"В.

3. Общественные слушания пройдут в форме открытых собраний: 7 октября 2026 года в 11:00 ч., по адресу: Туркестанская область, район Байдібека, с. Шаян, молодежный центр с. Шаян.

4. Ссылка на онлайн подключение: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456
5. Инициатор намечаемой деятельности: АО «КазТрансОйл», БИН 970540000107, г. Астана, пр. Туран, 20, e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

6. Разработчик: филиал ЦИР АО «КазТрансОйл», БИН 000941000473, г. Астана, ул. М. Габдуллина, 2, e-mail: A.Murtazina@kaztransoil.kz; тел.: 8-7172-79-16-63.

7. Материалы проекта размещены на ИС: НБДСОСиПР <https://ndbecology.gov.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>.

8. Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу: г.Шымкент, Жибек жолы, 68Б, ШНУ АО «КазТрансОйл», e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

9. Замечания и предложения принимаются: НБДСОСиПР <https://ndbecology.gov.kz/>, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», г. Туркестан, ул. Жана Кала, 20, тел.: 8725-33-5-98-49, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

10. Фото объявления о проведении общественных слушаний размещено на сайте: <https://ndbecology.gov.kz/>

№2 ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Жобаның атауы: «Түркістан облысындағы Ø820 мм. «Павлодар-Шымкент» магистралды мұнай құбырының 1366-1373 км, 1454-1465 км, 1510-1521 км, 1524-1526 км учаскелерінде құбырды күрделі жөндеу».

2. Ықпал ету аумағы: Түркістан облысы, Созақ және Бәйдібек аудандары, географиялық координаттары: 1) 44°8'24.48"С 68°30'58.22"В; 2) 44°7'39.47"С 68°32'3.88"В; 3) 44°6'54.58"С 68°33'9.38"В; 4) 44°5'47.60"С 68°34'46.99"В; 5) 43°37'5.52"С 69°12'54.82"В; 6) 43°34'57.24"С 69°13'19.51"В; 7) 43°32'48.16"С 69°13'36.64"В; 8) 43°31'12.01"С 69°13'53.79"В; 9) 43°9'44.08"С 69°24'13.49"В; 10) 43°7'26.35"С 69°24'7.76"В; 11) 43°5'16.88"С 69°24'13.49"В; 12) 43°3'41.09"С 69°23'27.78"В; 13) 43°2'8.80"С 69°24'4.89"В; 14) 43°1'40.52"С 69°23'48.66"В; 15) 43°1'13.08"С 69°23'25.25"В.

3. Қоғамдық тыңдау ашық жиналыс нысанында өткізіледі: 6 қазан 2026 жылы, сағат 15:00, мекен-жайы: Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Алғабас а/о, Шаппак ауылы, Алғабас а/о әкімі аппаратының ғимаратында.

4. Онлайн қосылмаға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 6165408596 Кіру коды: 123456
5. Бастамашы: «ҚазТрансОйл» АҚ, БСН 970540000107, Астана қ., Туран д-лы, 20, e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

6. Әзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӨО филиалы, БСН 000941000473, Астана қ., М. Габдуллин к-сі, 2, e-mail: A.Murtazina@kaztransoil.kz; тел.: 8-7172-79-16-63.

7. Жоба материалдары веб-сайтта орналастырылған: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>.

8. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты осы жерден алуға болады: Шымкент қ. Жібек жолы көш. 68Б, «ҚазТрансОйл» АҚ ШМКБ, e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

9. Ескертулер мен ұсыныстар осы жерден қабылданады: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/>, Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Түркістан қ., Жана Кала көш., 20, тел.: 8725-33-5-98-49, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

10. Ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарландырудың фотосуреті <https://ndbecology.gov.kz/> веб-сайтта орналастырылған.

№2 ОБЪЯВЛЕНИЕ

1. Наименование проекта: «МН «Павлодар-Шымкент» Ø820 мм. Капитальный ремонт трубопровода на участках: 1366 – 1373 км, 1454-1465 км, 1510-1521 км, 1524-1526 км, Туркестанская область».

2. Территория воздействия: Туркестанская область, Сузакский район и район Байдібека, географические координаты: 1) 44°8'24.48"С 68°30'58.22"В; 2) 44°7'39.47"С 68°32'3.88"В; 3) 44°6'54.58"С 68°33'9.38"В; 4) 44°5'47.60"С 68°34'46.99"В; 5) 43°37'5.52"С 69°12'54.82"В; 6) 43°34'57.24"С 69°13'19.51"В; 7) 43°32'48.16"С 69°13'36.64"В; 8) 43°31'12.01"С 69°13'53.79"В; 9) 43°9'44.08"С 69°24'13.49"В; 10) 43°7'26.35"С 69°24'7.76"В; 11) 43°5'16.88"С 69°23'49.84"В; 12) 43°3'41.09"С 69°23'27.78"В; 13) 43°2'8.80"С 69°24'4.89"В; 14) 43°1'40.52"С 69°23'48.66"В; 15) 43°1'13.08"С 69°23'25.25"В.

3. Общественные слушания пройдут в форме открытых собраний: 6 октября 2026 года в 15:00 ч., по адресу: Туркестанская область, район Байдібека, Алғабасский с/о, с. Шаппак, здание аппарата акима Алғабасского с/о.

4. Ссылка на онлайн подключение: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456
5. Инициатор намечаемой деятельности: АО «КазТрансОйл», БИН 970540000107, г. Астана, пр. Туран, 20, e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

6. Разработчик: филиал ЦИР АО «КазТрансОйл», БИН 000941000473, г. Астана, ул. М. Габдуллина, 2, e-mail: A.Murtazina@kaztransoil.kz; тел.: 8-7172-79-16-63.

7. Материалы проекта размещены на ИС: НБДСОСиПР <https://ndbecology.gov.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>.

8. Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу: г.Шымкент, Жибек жолы, 68Б, ШНУ АО «КазТрансОйл», e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

9. Замечания и предложения принимаются: НБДСОСиПР <https://ndbecology.gov.kz/>, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», г. Туркестан, ул. Жана Кала, 20, тел.: 8725-33-5-98-49, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

10. Фото объявления о проведении общественных слушаний размещено на сайте: <https://ndbecology.gov.kz/>

№3 ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Жобаның атауы: «Түркістан облысындағы Ø820 мм. «Павлодар-Шымкент» магистралды мұнай құбырының 1366-1373 км, 1454-1465 км, 1510-1521 км, 1524-1526 км учаскелерінде құбырды күрделі жөндеу».

2. Ықпал ету аумағы: Түркістан облысы, Созақ және Бәйдібек аудандары, географиялық координаттары: 1) 44°8'24.48"С 68°30'58.22"В; 2) 44°7'39.47"С 68°32'3.88"В; 3) 44°6'54.58"С 68°33'9.38"В; 4) 44°5'47.60"С 68°34'46.99"В; 5) 43°37'5.52"С 69°12'54.82"В; 6) 43°34'57.24"С 69°13'19.51"В; 7) 43°32'48.16"С 69°13'36.64"В; 8) 43°31'12.01"С 69°13'53.79"В; 9) 43°9'44.08"С 69°24'13.49"В; 10) 43°7'26.35"С 69°24'7.76"В; 11) 43°5'16.88"С 69°23'49.84"В; 12) 43°3'41.09"С 69°23'27.78"В; 13) 43°2'8.80"С 69°24'4.89"В; 14) 43°1'40.52"С 69°23'48.66"В; 15) 43°1'13.08"С 69°23'25.25"В.

3. Қоғамдық тыңдау ашық жиналыс нысанында өткізіледі: 5 қазан 2026 жылы, сағат 12:00, мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы, Созақ а/о әкімі аппаратының ғимараты.

4. Онлайн қосылмаға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596 Кіру коды: 123456
5. Бастамашы: «КазТрансОйл» АҚ, БСН 970540000107, Астана қ., Туран д-лы, 20, e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

6. Әзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӨО филиалы, БСН 000941000473, Астана қ., М. Габдуллин к-сі, 2, e-mail: A.Murtazina@kaztransoil.kz; тел.: 8-7172-79-16-63.

7. Жоба материалдары веб-сайтта орналастырылған: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>.

8. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты осы жерден алуға болады: Шымкент қ. Жібек жолы көш. 68Б, «ҚазТрансОйл» АҚ ШМКБ, e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

9. Ескертулер мен ұсыныстар осы жерден қабылданады: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/>, Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Түркістан қ., Жана Кала көш., 20, тел.: 8725-33-5-98-49, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

10. Ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарландырудың фотосуреті <https://ndbecology.gov.kz/> веб-сайтта орналастырылған.

№3 ОБЪЯВЛЕНИЕ

1. Наименование проекта: «МН «Павлодар-Шымкент» Ø820 мм. Капитальный ремонт трубопровода на участках: 1366-1373 км, 1454-1465 км, 1510-1521 км, 1524-1526 км, Туркестанская область».

2. Территория воздействия: Туркестанская область, Сузакский район и район Байдібека, географические координаты: 1) 44°8'24.48"С 68°30'58.22"В; 2) 44°7'39.47"С 68°32'3.88"В; 3) 44°6'54.58"С 68°33'9.38"В; 4) 44°5'47.60"С 68°34'46.99"В; 5) 43°37'5.52"С 69°12'54.82"В; 6) 43°34'57.24"С 69°13'19.51"В; 7) 43°32'48.16"С 69°13'36.64"В; 8) 43°31'12.01"С 69°13'53.79"В; 9) 43°9'44.08"С 69°24'13.49"В; 10) 43°7'26.35"С 69°24'7.76"В; 11) 43°5'16.88"С 69°23'49.84"В; 12) 43°3'41.09"С 69°23'27.78"В; 13) 43°2'8.80"С 69°24'4.89"В; 14) 43°1'40.52"С 69°23'48.66"В; 15) 43°1'13.08"С 69°23'25.25"В.

3. Общественные слушания пройдут в форме открытых собраний: 5 октября 2026 года в 12:00 ч., по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, с. Сузак, Здание аппарата акима Сузакского с/о.

4. Ссылка на онлайн подключение: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456
5. Инициатор намечаемой деятельности: АО «КазТрансОйл», БИН 970540000107, г. Астана, пр. Туран, 20, e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

6. Разработчик: филиал ЦИР АО «КазТрансОйл», БИН 000941000473, г. Астана, ул. М. Габдуллина, 2, e-mail: A.Murtazina@kaztransoil.kz; тел.: 8-7172-79-16-63.

7. Материалы проекта размещены на ИС: НБДСОСиПР <https://ndbecology.gov.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>.

8. Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу: г.Шымкент, Жибек жолы, 68Б, ШНУ АО «КазТрансОйл», e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

9. Замечания и предложения принимаются: НБДСОСиПР <https://ndbecology.gov.kz/>, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», г. Туркестан, ул. Жана Кала, 20, тел.: 8725-33-5-98-49, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

10. Фото объявления о проведении общественных слушаний размещено на сайте: <https://ndbecology.gov.kz/>

ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Жобаның атауы: «Түркістан облысындағы Ø820 мм. «Павлодар-Шымкент» магистралды мұнай құбырының 1366-1373 км, 1454-1465 км, 1510-1521 км, 1524-1526 км учаскелерінде құбырды күрделі жөндеу».

2. Ықпал ету аумағы: Түркістан облысы, Созақ және Бәйдібек аудандары, географиялық координаттары: 1) 44°8'24.48"С 68°30'58.22"В; 2) 44°7'39.47"С 68°32'3.88"В; 3) 44°6'54.58"С 68°33'9.38"В; 4) 44°5'47.60"С 68°34'46.99"В; 5) 43°37'5.52"С 69°12'54.82"В; 6) 43°34'57.24"С 69°13'19.51"В; 7) 43°32'48.16"С 69°13'36.64"В; 8) 43°31'12.01"С 69°13'53.79"В; 9) 43°9'44.08"С 69°24'13.49"В; 10) 43°7'26.35"С 69°24'7.76"В; 11) 43°5'16.88"С 69°23'49.84"В; 12) 43°3'41.09"С 69°23'27.78"В; 13) 43°2'8.80"С 69°24'4.89"В; 14) 43°1'40.52"С 69°23'48.66"В; 15) 43°1'13.08"С 69°23'25.25"В.

3. Қоғамдық тыңдау ашық жиналыс нысанында өткізіледі: 6 қазан 2026 жылы, сағат 09:30, мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Жарты төбе а/о, Жарты төбе ауылы, ауылдық клуб ғимаратында.

4. Онлайн қосылмаға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 6165408596 Кіру коды: 123456
5. Бастамашы: «КазТрансОйл» АҚ, БСН 970540000107, Астана қ., Туран д-лы, 20, e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

6. Әзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӨО филиалы, БСН 000941000473, Астана қ., М. Габдуллин к-сі, 2, e-mail: A.Murtazina@kaztransoil.kz; тел.: 8-7172-79-16-63.

7. Жоба материалдары веб-сайтта орналастырылған: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>.

8. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты осы жерден алуға болады: Шымкент қ. Жібек жолы көш. 68Б, «ҚазТрансОйл» АҚ ШМКБ, e-mail: Berdikulov-M@kaztransoil.kz; тел.: 8-701-732-97-20.

9. Ескертулер мен ұсыныстар осы жерден қабылданады: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/>, Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Түркістан қ., Жана Кала көш., 20, тел.: 8725-33-5-98-49, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.